

# ТД-ға арналған кронштейн DEXP ТВ-42TS

ТД-ға арналған кронштейн оның техникалық сипаттамаларына сәйкес теледидардың кез келген моделін орнатуға арналған.

## Техникалық сипаттамалар

- Моделі: ТВ-42TS.
- Кронштейнге максималды жүктеме: 30 кг.
- Өлшем VESA: 75x75, 100x100, 200x100, 200x200.
- Рұқсат етілген экран диагоналі: 23 - 42”.

## Сақтық шаралары

- Пайдаланушы / орнату нұсқаулығындағы барлық нұсқаулар мен ескертулерді оқып, түсінгенге дейін орнатуды бастамаңыз.
- Бұл кронштейн тек пайдаланушы / орнату нұсқаулығының нұсқауларына сәйкес орнатуға және пайдалануға арналған. Бұл бұйымды дұрыс орнатпау құрылғының зақымдануына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Тіреу беті жабдықтың және барлық қосылған аппараттық құралдар мен компоненттердің жалпы салмағына төтеп беретініне көз жеткізіңіз.
- Бұрандаларды мықтап қатайтыңыз, бірақ оларды тым қатты тартпаңыз. Бұл құрылғының зақымдануына әкеп соғуы мүмкін, ал бұл оның ұстап тұру қабілетін айтарлықтай төмендетеді.
- Бұл құрылғы тек қана үй-жайлардың ішінде пайдалануға арналған. Осы құрылғыны ашық ауада қолдану құрылғының зақымдануына және пайдаланушылардың жарақаттануына әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Жарақат алмас үшін және құрылғының өзіне зақым келтірмеу үшін құрылғыдағы максималды жүктемені асырмаңыз.
- Орнатпас бұрын бөлшектер тізіміне сәйкес барлық бөлшектерді алғаныңызға көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөліктер жоқ немесе зақымдалған болса, уәкілетті сатушыға хабарласыңыз.
- Кронштейннің бекітілгенін және оны пайдалану қауіпсіз екенін үнемі тексеріп отыру қажет (кем дегенде үш айда бір рет).

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және жою ережелері мен шарттары

- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Чжунцюй Хардвэа Продакшн Ко., Лтд.  
№9, Мингуан оңтүстік тас жолы, Маошань өнеркәсіптік аймағы,  
Цзяншань, Иньчжоу ауд., Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа,  
зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Кепілдік мерзімі: 5 жыл.

Пайдалану мерзімі: 10 жыл.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.